

САПАР



Нұрлыбек Нәлібаев,
облыс әкімі:



«Халықтың талап-тілегі бәрінен маңызды»

«Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сәрсенбінің сәтті күнінде жалағаштықтармен жүздесті. Аймақ басшысы алдымен облыстың экономикалық даму жоспарын баяндап, халықтың талап-тілегіне кезек берді. Кездесуге Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Эльдар Құзенбаев та қатысты.

Иә, Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде жиналған халық көп болды. Нұрлыбек Нәлібаев алдымен маусымның басында өткен жалпыхалықтық референдумда белсенділік танытқаны үшін жалағаштықтарға алғысын білдірді. Мұнан кейін облыс әкімі аймақ халқының тұрмыс сапасын арттыруда экономикалық өсім мен тұрақтылықтың маңызды рөл атқаратынын жеткізіп, осы бағытта жүзеге асатын жұмыстарды кеңінен тарқатты.

Нұрлыбек Машбекұлының сөзінше, биыл 5 айда облыста өнеркәсіп өндірісінен бастап, барлық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқан. Мәселен, ауыл шаруашылығы бойынша жалпы өнім 1,4 пайызға, инвестиция тарту 14,7 пайызға, құрылыс жұмыстары 8,3 пайызға, ел игілігіне берілген тұрғын үйлер 11 пайызға, сауда 1,4 пайызға артқан. Алайда аймақ басшысы өнеркәсіп өндірісінің жыл басынан бері төмендеп келе жатқанын жасырмады. Оған себеп те жоқ емес. Мұны облыс әкімі өңірде

мұнай өндіру көлемінің жыл сайын төмендеуімен байланыстырды.

Иә, аймақта мұнай өндіру көлемінің жыл сайын төмендеп жатқанынан хабардармыз. Мәселен, мұнай өндірудің ең жоғары көлемі 2007 жылы тіркеліпті. Дәл осы жылы 11 млн 700 мың тонна қара алтын өндірілген. Ал биыл бар болғаны 3,5 млн тонна мұнай өндіру жоспарланып отыр. Соңғы жылдары мұнайдың сарқылуына орай оның жаңа көздерін анықтау үшін биологиялық зерттеу жұмыстары басталып кетті. Оған ел тайқазанынан 3 млрд 200 млн теңге қаралған.

Облыс әкімі биыл аймаққа 350 млрд теңге инвестиция тарту көзделгенін айтты. Индустриаландыру бағдарламасымен дәл осы жылы жалпы құны 9 млрд теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылады екен. Бұл – өңір халқы үшін жағымды жаңалық, өріне. Мұнан бөлек «Шалқия» кен орнында тау-кен комбинатын салу да жоспарда бар. Нұрлыбек Нәлібаев Жалағашта 2018 жылы жу-

мысын тоқтатқан мия зауытын қайта жөндеу жұмыстары басталып кеткенін айтады. Оған тіпті шетелдік мамандар да тартылған.

Мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға бір ғана Қызылорда облысына 15 млрд теңге қаржы бөледі. Бұл аз қаражат емес, өріне. Сондықтан аймақ басшысы оны тиімді әрі мақсатты пайдалану арқылы өңірдің өрісін кеңейтуге толық жол ашуға болатынын айтады.

Соңғы жылдары қалыптасқан аяқ су мәселесі жергілікті шаруашылықтар шаруасының ширауына айтарлықтай қолбайлау болып отырғанын жасырмаймыз. Десе де өңірде суды көп қажет ететін күріш көлемін қысқартуға жол берілген жоқ. Ел ағаларының Үкіметтен келісім алуының арқасында биыл Қызылордада 78 мың гектар алқапқа Сыр салысы себілген. Жуырда аймақ басшысы Мәжілістің Парламенттік тыңдауда облыстағы су шаруашылығындағы өзекті мәселелер мен Арал теңізінің қазіргі күрделі ахуалын депутаттар назарына

салғанын жақсы білеміз. Нұрлыбек Нәлібаев алдағы уақытта бұған қатысты нақты қолдау шаралары жүзеге асатынын айтады. Қазіргі таңда осы мәселені шешу үшін Үкіметтен 3 млрд 600 млн теңге қаржы қаралған. Дәл осы қолдаудың жемісін жалағаштықтар да көріп отыр. Аудандағы «Шоңық», «Бозарық», «Айтек» каналдарын механикалық тазарту жұмыстары жүргізілген. Ал тиісті қаражатқа облыс бойынша 133 насос қондырғысын орнату көзделсе, оның 15-і Жалағаш ауданына тиесілі.

Жалағашта аяқ су мәселесін ретке келтіру үшін облыс қазынасынан да қаржылай қолдау бар. Мәселен, өңір тайқазанынан бөлінген қаражатқа аудандағы «Іңкәрдария» каналының 7,9 шақырымына тазарту жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек 6 насос қондырғысы алынған.

Облыс әкімі аймақта азық-түлік бағасында тұрақтылық қалыптастыруға мейлінше жұмыс жасалып жатқанын айтады. Осы ретте әлі де бос жатқан жерлерді бақша дақылын егу мақсатында халықтың игеруіне мейлінше бейімдеу қажеттігін жеткізді. Облыс әкімінің тапсырмасымен бұл бағытта жұмыстар Жалағашта да басталып кетті. Нәтижесінде ауданда жоспардан тыс 250 гектар алқапқа көкөніс және бақша дақылдары егілді.

2 →

Жабық бассейндегі жаздың бір күні

Редакциядағы жастар аптасына бір рет Дәуімбай елді мекеніндегі жабық бассейнге баруды жоспарлағанымызға да бірнеше күн өтіпті. Жалпы су спортының қай-қайсысы да адамға пайдалы ғой. 1 сағат бассейнде жүзгеніңнің өзі неге тұрады. Адамға есейген сайын қимыл-қозғалыстың пайдасын айтып жату да артық. Ал оның ішінде судағы жаттығудың адамды ширақтыққа бейімдейтіні ғылымда дәлелденген дүние.



Не керек, бейсенбіде жұмыстан шығып, жабық бассейнді бетке алдық. Бұрын өзіміз барып көрмегенін айтатын өңіміміз де белгілі ғой. Ішкі тазалығы қалай, тіпті ішіндегі суды уақытылы ауыстырып тұратынына да іштей күмән бар. Есіктен өнгеннен келушілердің уақытын жазатын жерде адамдардың көптеп шоғырланғанын аңғардық. Соған қарап жабық бассейнге келушілер қатары көп екенін, жалпы аудан халқының игілігіне жарап тұрғанын байқадық.

Кіргеннен кассадағы алай аты-жөнімізді жазып, тіпті бассейнде жүру ережесін түсіндіріп жатыр. Ал ар жағында қос тазалықшы еденді қарама-қарсы бетке алып жуып келеді. Бірінен сәл аялдаудың өтініп, бір-екі сауал жолдадым. Техникалық қызметкер Халида Сансыбаева мұндағы өзі секілді тазалықшылар таңғы сағат 10.00-ден көшкі сағат 22.00-ге дейін бассейн ішінің тазалығын қамтамасыз ететінін айтады. Бос уақыты жоқ, сауалыма жауап беріп тұрып, еденнің сәл ылғалданғанын аңғарып, әрі қарай жүріп кетті. Міне, әр сағатта осындай жұмысына жауапкершілікпен қарайтын мамандар көп болса, ісінде береке болары анық.

Үлкен бассейнде келушілерге нұсқаушылардың көрегі шамалы. Бірақ арнайы нұсқаушы Ербол Ергалиев ондағы азаматтарға мейлінше сапалы қызмет көрсетіп жүр. Жүзу білмейтіндерге үйретіп, білетіндерге уақытқа қалай жүзу керектігі хақында кеңес беріп әлек. Сырттай қарасаң, көз сүйсінеді. Былай қарасақ, біз үшін бассейнге баратын адамның ақшасын алып, шығарында кассаға қойған заттарын беріп жіберумен ондағы қызметкерлер жұмысы шектелетін секілді. Негізі қалалық жерде солай, ал бұл жерде әр қызметкердің өзіне артылған функциясы бар және оған жұмысшылар да адал.

Ал кіші бассейнге жауапты нұсқаушы Мейрамбек Оразбаев балабақшадағы тәрбиеші іспетті. Ол балаларға су спортының түрлерін меңгертуден бөлек олардың арасында ойын ұйымдастырып, уақытының қызықты өтуіне ат салысып жүр. «Есіктен өнгеннен шыққанша мұндай сапалы қызмет болса, өріне келушілер көп болады ғой» дедім іштей.

Бір сәтте үстінде қысқа жең көйлегі бар жігіт ағасы бассейн ішіне кіріп, келушілерге «Қызмет сапасы дұрыс па?» деп сауал тастап жүр. Тура бір сырттан келіп сауалнама жүргізіп жүрген адамдай. Аман-саулық сұрасқаннан кейін оның бассейн директорының орынбасары Берікқазы Әуесбаев екеніне көз жетті. Ағамыз келушілерге қызмет сапасы дұрыс болуы үшін және келеңсіз жағдайлар орын алмауы үшін мейлінше бақылауға басымдық беретінін айтады. Бұл – құптарлық жұмыс, өріне. Ал мұндағы судың уақытылы ауыстырылуы, санитарлық тазалығы бірінші кешекте тұрады екен. Тек табысқа басымдық беретін мекеме болса, тұтас бір күнін санитарлық күн деп жарияламас еді. Ал мұнда әр аптаның дүйсенбісінде халыққа қызмет көрсетілмейді. Ол күнді мұндағы жауапты мамандар тұтастай жабық бассейнің тазалығына арнайды.

Айтпақшы мұнда тек жалағаштықтар ғана емес, келушілер қатарында қармақшылықтар мен сыр-дариялықтар да бар болып шықты. Олар да бұрын бассейнге бару үшін облыс орталығына сабылып, өбігер болатынын айтады. Ал қазір көрші ауданнан осындай жабық бассейнің ашылғанына қуанып отыр.

Осыған дейін бұл бассейнде су спорты түрлерінен бірнеше рет жарыс ұйымдастырылды. Демек, бұл нысанның тек бос уақытты тиімді өткізуден бөлек, өңірде су спортының алға басыуына да алдағы уақытта қолғабыс болары анық. Бүгін соған көз жетті.

Жандос ЖАЗКЕН



Құрмет

Тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін түйіп, сөз маржанын шебер қиыстырып, орамды ойды тереңнен толғайтын журналистер қауымының қызметі қашанда қоғам үшін маңызды. Ұлт ұлықтысы Міржақып Дулатұлының «Қай жұрттың баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі де күшті» деген тұжырымы бүгінгі күн талабына жарап тұр. Халық пен биліктің арасына алтын көпір болып отырған қоғамның озық ойлы өкілдері, мәртебелі мамандық иелері ол – журналистер қауымы. Ал жергілікті халықпен біте қайнасып жұмыс жасап келе жатқан ауданның айнасы, ол – ата басылым «Жалағаш жаршысы» газеті. 90 жылға жуық тарихы бар газеттің сапалы жарыққа шығып, елге тарауы мұндағы кәсіби журналистер мен қызметкерлерге байланысты.

Жандос ЖАЗКЕН



«Жалағаш жаршысы» – аудан айнасы

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымымен жүздесті.

Қашанда қоғамның тынысымен тыныстап, ақпарат майданының алдыңғы шебінде жүретін журналистердің жанкешті еңбегіне тоқталған аудан әкімі кезінде елдің рухани өміріне шырақты болып, бүкіл өмірін Жалағаш ауданының тыныс-тіршілігіне арнаған шығармашылық өкілдері жайлы сыр шертті.

– Олардың салып кеткен сара жолын бүгінгі ұрпақ жалғастырып отырғаны – ел үшін үлкен мақтаныш. Шынында туымды

тұлғалардан қалған өнер туындылары кейінгі ұрпаққа аманатталып отыр. Ғаламдық ақпараттар толастамайтын қазіргі замандағы елдің санасына салмақ салатын бейресми ақпарат көздерінен бізді қорғайтын ақпараттың ең шынайысы ол газет екені бұлтартпас шындық. Баспасөзге жарияланатын дүние әлеуметтік желідегідей шала-шарпы, асығыс, зерделенбей жазылмайды. Ол құндылық болып тарихта, елдің санасында қалады. Бұл жағынан алғанда аудандық басылымның орны ерекше.

Бүгінгі мереке тек бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің ғана мерекесі емес, бұл барша оқырман қа-

уымның мерекесі десек, артық емес. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары – халықтың үні. Оның бетінде шағын ғана отбасының проблемаларынан бастап, мемлекеттік маңызы бар орасан зор мәселеге дейін көтеріліп отырады. Күнделікті тіршілік, әлемдегі ахуал қоғамдағы қозғалыстардың барлығына да бірлікті түтіп ұстайтын журналистер қауымының араласып отыратыны белгілі, – деді аудан басшысы.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов толасыз ақпарат заманында қоғам мен билік арасындағы пікір алмасуды және тиімді өзара байланысты орнату жолында халыққа қалтқысыз еңбек етіп жүрген сала

мамандарына алғыс білдіріп, бірқатар қаламгерлер мен қызметкерлерге аудан әкімінің алғыс хатын табыстап, еңбектеріне табыс тіледі.

Өз кезегінде сөз алған «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев басылымның қазіргі бет-бейнесі, онда көтеріліп отыратын мәселелерге тоқталды. Алатырған газеттің бас редакторының орынбасары Гауһар Қожахметова озық ойлы оқырманмен тұрақты байланыс орнатып отырған газеттің алдағы жоспарларымен бөліссе, газет корректоры Бақыт Ташкенбаева мерекеге орай ұйымдастырылған сый-құрметке алғысын білдірді.

Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі:

«Халықтың талап-тілегі бәрінен маңызды»

Биыл егін шаруашылығына 4,3 млрд теңге, мал шаруашылығын субсидиялауға 4 млрд теңге қаражат қаралған. Нәтижеде жоқ емес, мәселені мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде мал басында өсім қалыптасқан. Бұл осы бағытта өндірілетін өнім көлемінің артуына да оң әсерін тигізіп отыр. Бір ғана Жалағаш ауданының өзінде ет өндіру 100,7 пайызға, сүт өндіру 900 млн теңге қаражат қаралған. Оның жемісін жалағаштықтар да көріп отыр. Мәселен, жыл басынан бері ауданда жалпы құны 308 млн теңгені құрайтын 12 жоба қаржылай қолдау тапқан.



Аймақ басшысы облыста кәсіпкерлік саласын дамытуға да жұмыла жұмыс жасау қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ол іс бастаймын деген жандарға қолдау болатынын жасырмады. Мәселен, биыл аймақта бұл салада серпін қалыптастыру үшін 19 млрд 900 млн теңге қаражат қаралған. Оның жемісін жалағаштықтар да көріп отыр. Мәселен, жыл басынан бері ауданда жалпы құны 308 млн теңгені құрайтын 12 жоба қаржылай қолдау тапқан.

— Біз бизнес қарқынын әлі де үдетіміз қажет. Аудан әкімдігі «Өз ісімді бастаймын» кәсіп ашамын, оның көкжиегін кеңейтемін» деген ынталы азаматтармен тығыз жұмыс жасап, оларға шынайы қолдау көрсетуге міндетті, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың тағы бір тиімді тусы — инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту. Сондықтан бұл бағытта атқарылатын жұмыстарды да аймақ басшысы кеңінен тарқатты. Мәселен, биыл аймақта әлемдік стандарттарға сай әуежай салынады. Ал әлеуметтің талап-тілегінен туындаған қоғамдық келіктер мәселесіне де жуырда нүкте қойылатын іспетті. Биыл облысқа үлкен сыйымдылықтағы 150 жаңа автобус жеткізіледі. Нұрлыбек Нәлібаев бұл қоғамдық келіктер шілде және тамыз айларында толық аймаққа жеткізіліп, халықтың игілігіне жұмыс жасайтынын тілге тиек етті.

Аймақ басшысы елді мекендер халқымен кездесу барысында тұрғындардан инфрақұрылым тарту мәселесіне қатысты маңызды сауалдардың жиі түсетінін де жасырмады. Сондықтан ол әр ауданның проблемасы мен халықтың сұранысын қамтамасыз ету аудан әкімдерінің тікелей міндеті деп есептейді. Биыл Жалағаш көнтіндегі Қазыбек би көшесіне жарық шамдар орнатылса, М.Шәменов ауылына кіреберіс жолдарға жарық жүргізілген. Бұл жұмыстар облыс қазынасынан қаралған қаражатпен жүздеге асып отыр. Алдағы уақытта Жалағаш көнтіндегі «Ақтерек» жер теліміне электр және сумен жабдықтау желілері толығымен тартылады.

Білім саласында да серпінді жұмыс жоқ емес. Инклюзивті білім беруді қолдау аясында ауданда 3 мектепте инклюзивті кабинет, 3 логопункт ашылады. Сондай-ақ кенттегі «Ақжаржан», «Күншуақ» және №19 санаторлық типтегі балабақшалардың құзандықтары көгілдір отынға ауыстыралады.



Биыл Таң елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Ал «Ауыл — Ел Бесігі» жобасы аясында М.Шәменов ауылындағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, Жалағаш көнтіндегі 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға берілмек. Мұнан бөлек жол жөндеу, газ тарту жұмыстарына да айрықша көңіл бөлінеді. Себебі бұл да халықтың талап-тілегі екенін аймақ басшысы жақсы біледі. Облыс әкімі нысандарды салмас бұрын халыққа аса қажетті деген инфрақұрылым мәселесін шешуді, қаржыны нақты есептілікпен бағыттау керектігін қаперге салды. Бүгінде Жалағаш ауданын табиғи газбен қамту үлесі 36,9 пайызды құрайды. Ал ауданның 55,2 шақырым жолын жөндеуге 2,1 млрд теңге қаржы қаралып, «Қызылорда-Жалағаш», «Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұхарбай батыр», Жалағаш көнтіндегі және бірқатар елді-мекендегі көшелер жөндеуден өтеді.

Ауданда атқарылған және алдағы уақытта жүзеге асатын жобаларды кеңінен тарқатқан Нұрлыбек Нәлібаев мұнан кейін жалағаштықтардың талап-тілегіне құлақ түрді. Алғаш қойылған сауал аудандағы орталық аурухананың

көріз жүйесіне қатысты мәселеге негізделді. Медицина саласының ардагері қазіргі таңда Жалағаштағы орталық аурухананың жаңа нысаны, ондағы заманауи медициналық аппараттар, ақ халатты абзал жандар халыққа сапалы қызмет көрсетіп жатқанын жасырмады. Дәл осы жаңа нысанның көріз жүйесіне қатысты мәселені шешуге аймақ басшысының тікелей ықпал етуін сұрады.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов былтыр облыстық бюджеттен бұл мәселеге қатысты 39,6 млн теңге қаржы қа-



ралып, жобалық-сметалық құжаттар әзірленгенін айтады. Жыл басында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын да алыпты. Қазіргі таңда тиісті басқармаға бюджеттік өтінім де тапсырылыпты. Жобаның жалпы құны 1 млрд 290 млн теңгені құрайды.

— Бұл аз қаражат емес, оған облыстық бюджеттен қаражат бөлуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан республикалық бюджетке ұсынамыз. Мейлінше қаражаттың қаралуына жұмыс жасаймыз. Мүмкіндік болады деп есептеймін. Бұйыртса, сіз көтеріп отырған мәселенің келер жылы шешімін табуына мейлінше жұмыс жасаймыз. Ауданның әкімі менің тапсырмаммен барлық жобаларды өткізді. Ауданның 3 жылдық даму жоспарына 10,6 млрд теңгеге жобалар дайындалған. Бұл — әріне үлкен жұмыс. Алдағы уақытта бұл жобалар жалағаштықтардың игілігіне жұмыс жасайды деп сенемін. Келер жылы Жалағаш ауданына қарасты ауылдардың көшелерін жөндеуге 500 млн теңге қаржы қаралады. Мұнан бөлек екі дәрігерлік-амбулатория құрылысы басталады. Алдағы уақытта да ірі жобаларға қаржы бөлуге жұмыс жасаймыз, — деді аймақ басшысы.

Ақсақалдардың бірі Дәуімбай елді мекені мен көнт орталығын жалғайтын аспалы көпір салынса деген талап-тілегін жеткізді. Ол бұл мәселенің 10 жылдан бері шешімін таппай келе жатқанын айтады. Яғни екі ортадағы теміржолдың үстімен өту жаяу жүргіншілер үшін қауіпті көрінеді. Сондықтан мұның маңызды мәселе екенін жасырмайды.

Асқарбек Есжанов бұл мәселеге қатысты былтыр аспалы көпірдің жобасы дайындалғанын айтады. Жобаның жалпы құны 184,6 млн теңгені құрайды. Кейін құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты құжаттар қайта қаралуда. 6400 халқы бар бұл елді мекеннің тұрғындары бергі бетке бір ғана тесік көпірден өту үшін 5,5 шақырым жолды жүріп өтуге мәжбүр. Сондықтан бұл аспалы көпір аса қажет.

— Шынымен халыққа қажетті дүние болса, біз оны шешіп беруге дайынбыз. Бастысы ел игілігіне жараса болды. Бізге әр адамның өмірі қымбат. Ертең сол теміржолды кесіп өтемін деп бір балаға бір нәрсе болса, оның өкініші естен кетпейді. Әр баланы өзіміздің баламыздай көруіміз керек. Сондықтан 250 млн теңге болса, біз облыстық бюджеттен қолдаймыз. Ақсақалдың көтеріп отырған

жұмысымен де танысып, кәсіпорында қызмет атқаратын жұмысшылармен тілдесті. Алдымен аймақ басшысына аудан әкімінің орынбасары Жасулан Еспенбет кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады.

Айта кетейік, жыл басынан бері ауданда 12 жобаға 308,1 млн теңге несие берілген. Олардың дені ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларына тиесілі. Облыс әкімі әр аудан халқымен кездесу барысында қосымша жұмыс орнын ашу, тұрақты жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Мәселен, осы жылдың 5 айында ауданда 882 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 333-і тұрақты.

Аграрлы-индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорын арнайы киімдер тігу мен әскери каска дайындау ісімен айналысады. Цехтың материалдық-техникалық базасы өндіріске қажетті жоғары технологиялармен қамтамасыз етілген. Қазірде газтұтқыш (противогаз), парашют және жалпы әскери қорғаныш жиынтығын тігуді қолға алған.

Облыстық мәслихат депутаты Жақсылық Өзденбаев басшылық ететін серіктестікке 2017 жылы "СТ-KZ" сертификатты берілген. Дәл осы жылы кәсіпорында тапсырыс аясында 810 дана бронды кеудеше, 240 дана арнайы әскери киім дайындалған. Ал 2018 жылы тапсырыс көлемі ұлғайып, серіктестік 5 630 дана бронды кеудеше мен 2 125 дана каскаға арналған бүркеме шығарған.



Сол уақыттан бері кәсіпорын көөжиегі кеңейіп, мұнда тапсырысты сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету дәстүрге айналған.

Жалпы құны 38,2 млн теңгені құ-



райтын бұл жобаның болашағы жарқын. Себебі соңғы жылдары мұнда өндірілетін өнім түрі мен санында өсім қалыптасқан. 2019 жылы 11 мың каскаға арналған бүркеме әзірлеген серіктестік ұжымы қазір қасқаны толықтай өздері өндіреді. Себебі «Өркен Әлем» ЖШС әскери каска өндіретін Оңтүстік Кореялық алып аппаратты іске қосты. Жақсылық Өзденбаев кәсіпорынды соңғы үлгідегі заманауи аппараттармен жарақтау әлі де жоспарда бар екенін айтады. Егер бұл жоба жүзеге асса, серіктестікке жұмысшылар қатары қалындап, өнім көлемі де айтарлықтай ұлғаяры сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан бойынша арнайы әскери киімдер шығаратын цехтар 3 аймақта бар. Ал еліміз бойынша салаға қажетті киімдердің барлық түрін өндіретін жалғыз кәсіпорын осы «Өркен Әлем» ЖШС екенін де айта кеткен жөн. Қазір серіктестік ұжымы 2022 жылдың тапсырысын орындап жатыр. Мұнда негізінен шикізат Ресей мен Хорватиядан жеткізіледі. Серіктестік соңғы кеудеше, каскадан бөлек қатты соққыға, жарықшаққа және оққа қарсы шлемнің бірнеше түрін шығарады. Аймақ басшысы да кәсіпорын жұмысына жоғары бағасын берді.

Облыс әкімінің Жалағаш ауданына жұмыс сапары Таң ауылында жалғасын тапты. Сапар аясында Нұрлыбек Нәлібаев ауылдың абабтандыру жұмыстарын арнайы барып көрді. Өңір басшысы ел игілігіне бағытталған нысандарды күтіп ұстауға ерекше мән беру керектігін қаперге салды. Былтыр «Ауыл — Ел Бесігі» мемлекеттік бағдарламасы арқылы Таң ауылында 11 жоба қаржыландырылған. Оның ішінде көшелерді күрделі және орташа жөндеу, №118 мектепті күрделі жөндеуден өткізу және дәрігерлік амбулатория салу жұмыстары бар.

Иә, аймақ басшысы азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесіне назар аударып, әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкөніс және бақша өнімдерін өндіру үшін бос жатқан жерлерді игеруді ынталы азаматтарға бөліп беру қажеттігін айтқан болатын. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, бүгінде

жоспардан бөлек Жалағаш ауданында 250 гектар жерге қосымша егін егілген. Жалағаш ауданына жұмыс сапары аясында облыс әкімі Мақпалкөл елді мекеніндегі шаруа қожалықтар жұмысымен де танысты.

Алдымен шаруалармен егін егу мәселесіне қатысты пікірлесті. Мұнан соң аудан бойынша егін орналастыру жұмыстары мен «Ер Әлі», «Құрманбай Ата» шаруа қожалықтарының егісі туралы сөз қозғалды.

Бүгінде «Ер Әлі» шаруа қожалығы 31 гектардан астам жерге картоп, сәбіз, қызылша өнімдерін өккен. Оның 5 гектарына сәбіз, 1 гектар қызылша, қалғанына картоп егіп отыр. Шаруашылық төрағасы Әліби Бекжанов көкөніс және бақша дақылдарын егу арқылы аймақта азық-түлік бағасының тұрақталуына ташымдай болса да үлес қоссам дейді. Бұйыртса, халық қалаулысы осы егіс аумағының өзінен 900 тоннаға жуық өнім алуды жоспарлап отыр. Бақша дақылына арналған заманауи үлгідегі озық техникаларын да жарақтап үлгерген.

Ал «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағында 5 түрлі алма сорты егілген. Алынған өнімдер Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларына сатылады. Аймақ басшысы бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырып, сураныстағы өнімдерді өзімізде өсірудің маңыздылығын атап өтті. Өнім көлемін арттыру үшін қажетті қолдаудың

Брифинг



Масалар да ауру тасымалдайды

Әлемде біз біле бермейтің, бірақ адамға соншалықты қауіп әкелетін жұқпалы аурулардың түрі өте көп. Әсіресе осындай жұқпалы аурулардың тасымалдаушысы жануарлар, құстар, жәндіктер мен паразиттер екенін білсек те, сақтана бермейміз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген бірауыз сөз өз денсаулығына мән беретін кез келген адам үшін ұдайы назарда ұстайтын ұстаным болуы керек. Газетіміздің өткен сандарында қарапайым кененің тасымалдауынан болатын аса қауіпті ауру туралы жазған едік. Кешегі брифингте ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ҚОБФ Жалағаш аудандық бөлімшесінің сан-эпид қызмет маманы М.Ажарбаева висцералды лейшманиоз туралы жан-жақты мәлімет берді.

Жалпы маманның сөзінше, висцералды лейшманиоз москиттер шағу арқылы таралатын қауіпті трансмиссивті паразитарлық аурулар қатарына жатады. Инфекция адамды шаққан кезде жуғатын кішкене құм масасы арқылы тарайды. Аурудың кейбір түрлері организмнің ішіне зақым келтіреді. Оларды айыру өте қиын және емдеу күрделі әрі қымбатқа түседі екен. Аурудың жүгу көзегі жаз-құз айлары аралығын қамтыса, оған көбіне 7 жасқа дейінгі балалар шалдығады. Бөлімше маманы М.Ажарбаева висцералды лейшманиоз ауруымен адамдар ғана емес, жан-жануарлар да ауыратынын айтады. Мәселен, аталған ірдет иттердің, жабайы жыртқыштар, оның ішінде қасқыр, шакал, түлкіге де қауіп төндіре алады.

— Паразитарлық ауру жаңа жоғарыда атап өткенімздей жан-жануарларға да зиянын әкеледі. Мәселен, аурумен иттер ауыратын болса, олардың көзінің айналасының жүні түсіп, «көзілдірік» симптомы байқала бастайды. Бұл алғашқы белгілер кейін күрделеніп, аурудың өршуіне алып келеді. Кез келген аурудың тасымалдаушысы болатыны сияқты, бұл висцералды лейшманиозды москиттер, үнсіз масалар таратады. Үнсіз маса ерте көктемнен күзгі қара суыққа дейін тіршілігін жалғастыра береді. Біздің елде бұл масалардың 12 түрі кездеседі, оңтүстік аймақтарда көп таралған. Негізінен табиғатта үнсіз масалар үңгірлерден, кемірушілердің, тышқандардың інінен, қоқыс үйінділерінен табылып жатады. Бұл тасымалдаушы үй жануарларының, құстардың, кемірушілердің қанымен ерекктенсе, адамның қанын сору арқылы 30-дан 100-ге дейін жұмыртқа салады. Бұл масалардың ұшу ұзақтығы 2 жарым ай болса, 1,5 шақырым қашықтыққа дейін таралады, — деген маман аталған маса шаққаннан кейінгі белгілерден де хабардар етті.

Мәселен, үнсіз масалар қатты шағып, мазалайтын насеком болып табылады екен. Бұл масаның шаққан жері ашиды, қышып, қызарып, іседі. Аурудың қауіптілігі сол маса шаққаннан 3-8 айдан кейін барып адамның дене қызуы көтеріліп, бауыры мен талағы ісінеді, қанжасау ағзаларының зақымдануынан ауыр анемия пайда бола бастайды. Арнайы ем алмаса, аяғы өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Ал қайғылы жағдайдың алдын алып, уақытылы ем ала, үдетпеуге, сауығып кетуге болады. Аурудың негізі табиғи резервуары иесіз иттерді жою жұмыстарын жүргізумен тікелей байланысты. Ал висцералды лейшманиозды таратушы, москиттерді арнайы инсектицид дәрілер қолдана отырып жою керек. Үнсіз масалардан қорғануда есік-терезелерді торлаудың маңызы зор. Елді мекендер мен жеке үйлердің санитарлық тазалығын сақтау мақсатында көркейту-кеғалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу, висцералды лейшманиоз ауруының ошақтарында ауруларды ерте табу, емдеу шараларын жүргізуге аса мән беру керек.


Бұл сақтық шаралары аурулардың алдын алуда, адам өмірін сақтауда маңызға ие. Алғашқы белгілерін де білген артық емес екенін айтқан сан-эпид қызметінің маманы маса шаққаннан кейін 2-8 апта өткен соң, ісік пайда болады дейді. Ісік әдетте іріңді, ашық жараға айналады. Ірің өзі жазылуы мүмкін, ал кейде бірнеше аптадан 2 жылға дейін қалып қояуы да ғажап емес. "Ірің бактерияларды оңай жұқтыратындықтан, бұған бейжай қарауға болмайтынны ескеру керек" деген М.Ажарбаева іріңді қайнатылған салқын сумен жуып, 10-15 минутқа ыстық, дымқыл шүберек басудың тиімділігін ескертті. Маманның айтуынша, 10 күн бойы күніне 2 реттен осы емді қайталау керек. Мұндай емдеу әдісі жараның толық жазылуына себін тигізбек. Егер жара жұқпалы болса, антибиотиктер қабылдау қажет.

Жалпы әлемде біз білмейтін көптеген ауру түрлері бар. Ең өкініштісі біз олардың қалай және қайдан жұққанын байқамай қаламыз. Ал кешегі брифингте айтылған висцералды лейшманиозға көбіне балалар шалдығады екен. Сондықтан әр ата-ана балаларының денсаулығына, тазалығына аса мән беруі керек. Тіпті масаның өзі ауру тудыратындықтан «сақтансаң, сақтайтынын» ұдайы назарда ұстаған абзал.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мерей



Шопан таяғын қасиетті қаламға ауыстырған

Қай саланың да өзіне тән қиындығы, жауапкершілігі бар болар. Бірақ олар бір ғана бағытта жұмыс атқарады. Десе де журналистика саласының қай заманда да арқалар жүгі, мойнына артқан міндеті өте ауыр десем көпшілік қауым бұл пікірмен келісер деп ойлаймын. Себебі «ылдидан салсаң төске озған» журналистер қоғамдағы барлық саланың өкілдерімен әріптестік байланыс орнатып, қоржындағы білімін молайтып, тұйық тұстарды түртіп, кем-кетікті елден бұрын байқап, ой елегінен өткізіп отырмаса, еткен еңбегі зая кетіп, бағы жанбай қалады.

Қырандай қырағылық, болаттай мұқалмас мықтылық, жауынгерлік өршіл қасиеттер қаламын қылышқа теңеген қаламгерлердің ерекше қағидасы. Шар-болаттай ширғылып, сөз маржанын теріп, көне дәуірден толғайтын бұл кәсіп иелерінің болмысы бөлек, ойы ұшқыр, тарих тереңнен тіп тартқан тұлғалық тұстарын айтпасқа болмайды.

Атам қазақ туған топырағына тартып өскен перзенттерін әркез мақтан тұтып, «сол жердің киесі бар» деп тамсанып, таңдай қағатыны сондықтан. Аудан орталығына таяқ тастам жерде орналасқан кезінде дәннен тау тұрғызып «Күріш фабрикасы» атанған Мәдениет алуы – тер төгіп туған жерін түлеткен еңбек адамдары мен талантты тұлғалардың мекені десе болады. Әріге бармай ақ жетпісінші, сексенінші жылдары совхоз директоры болып басшылық жасаған Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов, Жер-Анамен сырласқан СССР Жоғарғы Советінің депутаты Айнаш Балғабаева, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ұлмекен Төлегенова, Сыр күрішін егіп орналастыру технологиясын зерттеген ғалым, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенішбай Әлшоразов осы киелі топырақта еңбек етіп, абыройға бөленген жандар екені көпке аян.

Сондай-ақ, сол өңірден шыққан мәдениет пен өнер саласының сақпақтары да көп. Мәселен қоғам қайраткері, философ, публицист Ілияс Қабылов, филология ғылымдарының докторы, ақын Өтеген Күмисбаев, ҚР Мәдениет қайраткері, жыршы-термеші Жұмабек Аққулов, ҚР Ақпарат саласының үздігі Бейбітбек Бүркітбаев киелі топырақтың төл перзенттері. Солардың қатарында қазақ журналистикасының дамуына ерекше үлес қосқан осы Мәдениет деген қасиетті мекеннің жұмалы, талантты азамат Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын Серік Бертаевтың есімі ерекше құрметпен аталады.

Айта кетейік, 1954 жылы 20 мамырда Мәдениет ауылында дүниеге келген С.Бертаев 1961 жылы ауыл орталығындағы №32 мектепке оқуға барады. Сабаққа зерек, елгезек, еңбеккер балаң жігіт мектеп табалдырығында жүріп, қабырға газетіне өлеңдер мен мақалалар жазға бастайды. Жас таланттың талабын көріп қуанған Көшекбай Ералиев, Төуекел Төремұратов, Карбоз Серікбаев, Тәжізада Әленов, Роза Көженова секілді ұстаздары шәкіртінің болашағынан үлкен үміт күтеді. Бірақ Сәкен онжылдық мектепте толық

оқи алмады. Себебі, Жаңадария совхозы №3 фермасында шопан боп еңбек етіп жүрген әкесі соғыс және еңбек ардагері Бертай Көрібаев ауыр науқастанып қалып, соғыстың зардабынан екі жанарынан айырылады. Осы отбасылық ауыртпалыққа байланысты ол 1969 жылы 8 сыныпты бітіріп, қалған оқуын сырттай жалғастырады.

Шопан таяғын ұстап, әке жолын жалғастырған жас жігіт көктемнің қара жауыны мен жаздың алтап ыстығында, күздің қара суығы мен қыстың сары аязында табиғат қаһарынан қаймықпай, қажыр қайрат танытып, еңбек етеді. Жалындаған жас шағында шопан жігіт Қызылқұм төсейінде мыңырған мал бағып, бейнеттенеді. Жыл сайын төл алу мемлекетке қарақөл жүн тапсыру жөніндегі жоспарларын асыра орындап, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы Министрілігінің «Құрмет» грамотасымен, облыстық, аудандық партия, комсомол комитеттерінің мақтау қағаздарымен марапатталады. Болат кездік қап түбінде жатпайды. Қасиетті қанмен келген киелі өнер жалғасын табады. Қызылдың қиясында қиялға шомып, ойлары өлеңмен өріледі. Шалқар далада шабыты келіп, өлең жаза бастайды. Қызылқұмнан хат жолдап, аудандық газетке шопан өмірі жайлы мақалалар жазады.

Армансыз адам бола ма? Талаптың тұлпарын мінген талантты жігіт алдына төрт мақсат қойыпты. Біріншісі – әке-шешесін зейнеткерлікке шығарып, ауылға орналастыру, екіншісі – әскерге барып азаматтық борышын өтеу, үшіншісі – жоғары оқу орнына түсіп, журналист мамандығын алу, төртіншісі – үйленіп отау құру екен. Бүгінде Сәкеннің сол төрт арманы орындалып, төрт құбыласы түгелделіпті. Алты жыл әке-шешесінің атынан қой бағып, екеуін де зейнеткерлікке шығарып, ата-анасының алғысын алады. Екі жыл әскерде болып, азаматтық борышын өтеп келген соң Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, журналист мамандығын алып шығады. Университетте оқып жүріп, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Тауаман Амандосов, Темірбек Қожекеев, Алма Қыраубаева, Қадыр Мырза-лиев секілді танымал тұлғалардан дәріс алып, білімін шыйдай түседі. Студенттік шақ адам өміріндегі естен кетпес қызықты кезеңдердің бірі ғой. Жас ақын университетте оқып жүріп жаңадан достар тапты.

Қай жерлерде жүрсе де Серік ағамыз туған ауылы Мәдениетте құлын тайдай тебісіп, балалық балдәурен шақты бірге өткізген бір мектепте оққан сыныптас достарын ешқашан ұмытқан емес. Мектепте бірге оқып, білім алған СССР Жоғарғы Советінің депутаты болған даңғайыр дихан Айнаш Балғабаева, туған жерінде еңбек етіп, тер төккен майталман механизаторлар Марат Байсейітов, Найман Байділдаев, Егізқара Елтаев, Ғалым Ермекбаев, Нұрадин Ибраев, Мәдениет ауылы округінің әкімі Әбілқасым Әлсейітов, ардагер-ұстаздар Зәуреш Хасаева, Алтын Жаңашева, Бағила Оразымбетова, Рысбики Бекхожаева, Роза Көшекбаева және басқа да әр салада елге қызмет етіп жүрген сыныптас достарын әрдайым мақтан тұтады.

Жаңадария совхозы №3 ферма орталығы Аққолқада №236 «Қышбөет» селгизилдік мектеп-интернатта тәрбиеші болған С.Бертаев 1984 жылы Жалағаш аудандық (сол кездегі «Жаңадария») қазіргі «Жалағаш жарышысы» газетіне қызметке шақырылады. Аудандық басылымда радиохабарын ұйымдастырушы, әдеби қызметкер, сектор меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, бас редактор, аудан әкімінің баспасөз хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

2004-2006 жылдары аудандық газет редакторы болып басылымға басшылық жасады. 2006 жылдың қорытындысымен «Жалағаш жарышысы» газеті түрлі-түсті бөяумен безендіріліп, сапалы әрі мазмұнды шығынына байланысты аудандық газеттер арасында облыс әкімінің «Ең үздік басылым» номинациясын иеленді. Сол кездегі өтпелі қиын кезеңдерге қарамастан редакция қызметкерлерінің психологиялық ахуалы тұрақтанып, қаржылық-материалдық жағдайы жақсара түсті.

Қазақстан Журналистер Одағы және Әлем Халықтары Жазушылар Одағының мүшесі Серік Бертаев қарымды қаламгерлер Зордан Салықбаев, Мырзамұрат Ілиясов, Тұрсынбай Төшенов, Мәлік Аялов, Ізбасар Мұстафаев, Ахмет Тілеулиев, Бейбітбек Бүркітбаев, Еркін Әбіллов, Бексейіт Шайланов, Жұмабек Әбжәмиловтермен басылымда ұзақ жыл бірге қызмет етті. Жалынды журналистің жазған мақалалары мен өлеңдері облыстық, республикалық басылымдарға жарияланды. Жауһардай жырлары бірнеше жинақ кітаптарға енгізілді. 2011 жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы

мерекесіне байланысты «Тәуелсіздік таңы», Жаңадария ауылының құрылынына 50 жыл толуына орай 2015 жылы «Қызылқұмды түлеткендер», 2017 жылы «Тұлғаға биік қараймын», «Тұғырлы тұлғаның дара жолы», 2018 жылы «Меней батыр», 2020 жылы «Мырзабай ахун» атты кітаптары жарық көрді.

Бұл күнде зейнет жасына келіп, қазыналы қария атанып отырған Серік Бертаев ағамыздың ел игілігіне еткен қызметі ескерусіз қалмады. Қарт журналист «Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медальмен, Қазақстан Журналистер Одағының дипломымен, облыстық ішкі саясат басқармасының, аудан өкімдерінің «Алғыс хаттарымен», «Нұр Отан» партиясының облыстық, аудандық филиалдарының, Қызылорда облыстық журналистер одағы, облыстық кәсіподақ кеңесінің Құрмет грамоталарымен және бірнеше рет «Жылдың үздік журналисі» номинациясымен марапатталған.

«Адам өмірінде екі нәрседен жар таңдау мен мамандық таңдаудан жанылуға болмайды. Арманын орындалып, журналистік мамандықты меңгердім. Жар таңдауда да жолым болды. Ұзақ жыл ұрпақ тәрбиелеген ұлағатты ұстаз Бұрыш Төралиевпен отбасын құрып, 4 бала тәрбиелеп өсірдім. Балаларымның барлығы жоғарғы оқу орнын бітіріп, мамандықтары бойынша қызмет етуде. Бүгінде жұбайымыз екеуіміз немерелеріміздің қызығы мен қуанышына кенеліп гүмбір көшудеміз» дейді ол.

Адал еңбегімен ел қадірлеген заңғар талант иесі, белгілі журналист Серік Бертаев күні кеше ғана Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Елі ардақтаған халқы қастерлеген қарымды қаламгер қазіргі уақытта да аудан өмірінің тағылым сәттеріне белсене араласып, шығармашылық жұмыспен шұғылданып, қолынан бір сөт те қаламы түспей келеді.

Бұл күнде алпысты алаңап басып, жетпістің желкенін көргелі тұрған Серік Бертаев ағамызға жылы лебізімізді бір шумақ өлеңмен жеткізгенді жөн көрдік.

Жырларың бар жалынды,
Қаламың бар қарымды,
Құрметтейді ел-жұртың,
Өзіңіздей нар ұлды.
Несібені теріңіз,
100 жасқа да келіңіз,
Туған жердің бағына,
Ұзақ жасай беріңіз!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – ортақ міндет

Иә, кез келген қоғамның дамуына сыбайлас жемқорлық өзінің кері әсерін тигізеді анық. Сондықтан оның біз қай салада болсын орын алуына мейлінше жол бермегеніміз дұрыс. Дамыған елдердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да оның үздіксіз алға жылжуына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті басты саясатына айналдырғаны сеп болғанын аңғару қиын емес.

Қазақстан да дамуы елдер қатарында. Біздің де мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басты саясатының бірі екенін жақсы білеміз. Десе де оның қай қоғамда, қай салада болсын орын алмауына тек құзырлы орган өкілдері ғана емес, баршамыз жауапты екенімізді түсінуіміз керек. «Оны қалай жүзеге асырамыз?» деген сауалға да жауап жоқ емес. Мәселен, әрбір отандас сыбайлас жемқорлықтан өзін ада ұстап, оған өзінен кейінгі буынның да қарсы көзқарасын қалыптастырса, жемқорлық біз өмір сүріп отырған қоғамнан өздігінен жойылып кетері анық.

Әсіресе сыбайлас жемқорлықтан мемлекеттік қызметкерлер аулақ болғаны абзал. Себебі халық сенім артқан тұлғалар да мұндай олқылықтың орын алуына жол берсе, біріншіден, халық пен билік арасы алыстай түссе, келесі кезекте мемлекеттің жарқын болашағына жасаған қадамымызға үлкен тұсау болады.

Қазір Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын жүзеге асыруға баршамызды шақырып отыр. Ал оны толыққанды жүзеге асыру үшін сол қоғамның кез келген өкілі сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді өзінен бастағаны дұрыс. Президентіміз айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы да дәл осылай. Бұл тұжырымдаманы жүзеге асыруда да сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы құзырлы һәм жауапты орган өкілдері тиісті жұмыстарын өз деңгейінде атқарып жатыр. Біздің жалпы қоғам өкілдерінің алдында да бір ғана міндет бар. Ол – сыбайлас жемқорлыққа қарсы болып, өзін одан ада ұстау. Негізінен қоғам дәртіне әрбір азамат қарсы болса, елде сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе туындамайды. Өкінішке орай бес саусақ бірдей емес, өрине.

Әр мекемеде бірінші басшылардың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиындар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өтіп тұрады. мұндай маңызды жиындар өзіміздің бөлім қызметкерлерінің қатысуымен де ұйымдастырылып келеді. Негізінен бұл шаралардың маңызына бей-жай қарауға тағы болмайды. Себебі ол жерде сыбайлас жемқорлықтың салдары, зияны, мемлекет дамуына келтіретін кері әсері айтылады. Сондықтан мұндай басқосулар қарсы да мемлекеттік қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың орын алуын тұсауға болады.

Жалпы қоғам дерті бір салада орын алса, оның зардабы тек сол салаға ғана тимейді, тұтас қоғам оның зиянын көреді. Сөз басында сыбайлас жемқорлықтың орын алмауына баршамыз жауаптымыз деуіміз де сондықтан.

Жанар ҚАШАҚОВА,
аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі
экономикалық жоспарлау секторының меңгерушісі

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хабары

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 1 шілдедегі №АСК-01/179 қаулысымен М.Шәменов ауылдық округі әкімін сайлау жөніндегі осы ауылдық округтің шекарасында М.Шәменов сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 1 шілдесіндегі №АСК-01/180 қаулысымен М.Шәменов ауылдық округінің әкімін сайлауы 2022 жылғы 31 шілдеге тағайындалды.

М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді.

Кандидаттарды ұсыну 2022 жылдың 2 шілдесінен басталады және 2022 жылы 15 шілдеде, сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және 2022 жылдың 20 шілдесінде, сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120200, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32, Аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты, байланыс телефоны: 31-7-19, 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz, интернет-парақшасына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/activities/2776?lang=kk>

Сайлау комиссиясының құрамы: Бекжанов Бауржан Сұлтанұлы – төраға, Бекмолдаев Әмірбек Қариұлы – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Жанабергенов Мурат Қайнашұлы, Көңжеғара Ержас Темірханұлы, Құлымбаева Асия Мырзабекқызы.

№133 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының "М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8 (724 31) 37–6–06, эл. почта: zhalsay133@mail.kz

Сайлау комиссиясының құрамы: Ералиева Гүлнар Байдоқызы – төраға, Есетов Кенжебек Сарбасұлы – төраға орынбасары, Досжанов Ерболат Бақытжанұлы – хатшы, комиссия мүшелері: Сейтжанова Тамара Қожамұратқызы, Құрманбаев Тәліп Мұханбетқалиұлы.

Жаның болсын жәннатта

Бес күндік қамшының сабындай жалған дүниеден жаны жайсан жақсы жандар өте шығуда. Алпаның өлшеп берген өмірі, тағдырдың сызып қойған даңғыл жолынан өшкім асып өте алмас. Дәм-тұзы таусылған адам жалған дүниемен қоштасып, көлмес сапарға аттанып кете бермек.

Енді міне, осыдан бір жыл бұрын шаңырақтың ұйытқысы, балаларының қамқоршысы, ақылшысы болып отырған Карима Жамаловадай аяулы жан арамыздан алыстап, жанарымызды жансыз бейнесіне телміртіп кете барды. Көзі тірісінде аяулы жар, ардақты ана, қамқор бауыр және біреуге адал дос бола білген асыл анамыздың орыны ерекше еді. Аман нешік, аурудың азабын тартқан асыл жанның бұл күні арамызда жоқтығына өлі де сене алмаймыз. Еңбеккер, жауапкершілікті әрдайым бірінші орынға қоятын бауырымыз, анамыз өз ортасына, туған-туысқа сыйлы болды. Енді міне, жан бауырымызды, анамызды көрмегелі жыл өте шығыпты. Кеңіл шіркін елі күнге елегізді, бірақ қайғыны ақылға жеңдіріп, Жаратқанның ісіне көндігеміз. Ендігі жерде біздің қолдан келері қол жайып, құран бағыштау ғана. 65 жасында мәңгілік мекеніне аттанып кете барған Карима Жамалованың жаны жәннатта болып, Алла мейіріміне алсын дейміз.

Ауырын беріп сынақтың,
Бикітен төмен құлаттың,
Жаратқан сенің жаныңды,
Тәрінен етсін жұмақтың.

Аяулы жан Карима Жамалованың жылдық асы 10 шілде күні сағат 10.00-де Мырзалиев көшесі №7 үйде өтетінін ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекежат, көрші-көлемге хабарлаймыз.

Еске алушылар ағасы Тоқтар, жеңгесі Сауле, жолдасы Баймырза, қыздары Ақтоты, Ақбөпе, келіні Айгерім мен немерелері



Сағынышпен еске аламыз

Сыныптасымыз Айгүлдің алға қойған мақсаты көп еді. Мектепті де жақсы бағамен бітіріп шыққан қыздың болашағынан үлкен үміт күтетінбіз. Ол да сабақта алғырлығымен, берілген тапсырманы уақытында орындап, есте сақтау қабілетімен құрбыларын таңқалдырудан жалықпайтын. Бірақ осындай асыл құрбымыз хақында бүгінде өткен шақпен естелік айтып отырамыз деп кім ойлаған дейсің? Бұл да сынақ, ал оған сабыр қылмасқа шара жоқ.

Шапағатова Айгүл Серікқызы 1985 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Аудан орталығындағы №246 орта мектептен бізбен бірге білім алып, оны ойдағыдай тәмамдады. Кейін еліміздегі іргелі оқу орындарының бірінен «Бастауыш пәні мұғалімі» мамандығы бойынша оқыды. Ұстаздық қызметті енді бастап, шәкірт санасына сапалы білім сіңіру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырамын деген шағында, яғни 2005 жылы бақылық болды.

Қазір сыныптасымыз жайында естеліктер айту бізге де оңай емес. Өттең ғұмыры ерте үзілді. Болмаса, бойжеткен қыздың алға қойған мақсаты көп еді. Сен біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасың, асыл құрбым. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдыр басқа салғанда.
Көзімізге ып-ыстық жас көледі,
Айгүл құрбым өзіңді еске алғанда.



Еске алушылар сыныптас достары

Салтанатты шара



Ұлы ұлттың баласы, ұлықта домбыранды!

Дәстүрлі ән өнері – рухани жәдігерлердің ішінде замана сүзгісінен өтіп, халқымыздың ежелгі рухың, мәдениеті мен ыстық ықыласын бүгінгі ұрпаққа жеткізген ұлттық құндылықтардың бірі. Ән – халықтың өмір айнасы. Кезіндегі Ақан сері, Біржан салдар өз заманының нағыз өнерпаздары, дәстүрлі әнді шырқағанда тыңдарман қауымның ерекше қошеметіне бөленетін әсем дауыс иелері еді. Ал домбыра – халықтың тұрмысымен біте қайнасқан, ұлттық болмысын айқындай түскен, текті халықтың қуанышын да, қайғысын да қоңыр үнімен жеткізе білген ұлттық аспап. Киелі домбырамен кім ән салса да дархан дала тербеліп, тұмса табиғат тұп-тұнық күйге еніп, тыңдарманның құлағының құрышы қанатын.

Азаттыққа қол жеткізгелі өшке-німізді жаңғыртып, тарихымызды түгендеудіміз. Біздің жеңісіміздің бірі осыдан бірнеше жыл бұрын шілденің бірінші жексенбісі ұлттық домбыра күні етіп белгілеуіміз болды. Себебі біз ұлттық құндылықтарымызды қайта

жаңғыртқан сайын болмысымыздағы ерекшелікті өзгелерге паш етеміз, дәстүрімізді, мәдениетімізді және жалпы руханиятымызды дәріптейміз. Жыл сайын лайықты түрде атап өтілетін бұл күн биыл да жарасымды жалғасын тапты. Кеше Қ.Қазантаев

атындағы аудандық мәдениет үйінде ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра – дастан» атты салтанатты шара өтті. Аудан тұрғындарына арналған мерекелік шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра»

екенін тілге тиек етіп, бұл күннің маңыздылығына тоқталды.

– Домбыра – қазақ халқы үшін жай ғана музыкалық аспап емес, ол күнделікті барлық тұрмыс-тіршілігімізден биік тұрған киелі құндылық. Қазақтың сал-серісі үкілі домбырасын қолға алып, елге шыққанда халық оларды төредей күтіп, төбесіне көтерген еді. Ата-бабамыз үкілі домбыраны қастерлеп төрге ілген. Бабадан қалған осы бір игі дәстүр қазір де жалғасып келеді. Өйткені бүгінгі күні де қазақтың кез келген отбасында, шаңырағында киелі домбыра сән беріп, төрінде ілулі тұр, – деген аудан әкімі домбыра қазақ үшін ұлттық аспап қана емес, ол ұлттың киесі, қасиеті және қазынасы екенін айтып, тағылымды ойын ортаға салды.

Расымен кешегі сал-серілер қос ішекті домбырамен әсем даланы тербетсе, одан бергі қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаев Парижде домбыра үнімен Еуропаны таңдай қақтырса, оның ізін белгілі жыраулар, ақындар мен бүгінгінің дәстүрлі әншілері жалғаса, ұлы дала халқының ұлттық мұрасының ұмыт болуы әсте мүмкін емес. Сол кезіндегі халықтың көзайымына айналған дәстүрлі әншілердің ізін жалғап, солардан жеткен төп өнерді, дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген жас болса да ұлттық болмысымыздан айнымаған, дәстүрімізді ардақтап, салтымызды сақтап, бойындағы талантын тек тұлғалық дамуға ғана емес, ұлттық өнердің кеңінен насихатталуына жұмсап жүрген дәстүрлі өнердің өнерпаздарын да ұмытпауға, ұлықтауға тиістіміз.

Қазақты танимын десең, домбыраның үніне құлақ тұр. Атақты дәулескер күйші болмасаң да, домбыраның құлағындай ойнап, шанағынан қоңыр үнді күй төгілтпесен де, қоңыр үніне құлақ түрсең болғаны, тұлбайың шымырлап, қан жүгіріп, күй күдіретіне, қос ішекті аспаптың киесіне тамсанасың, еріксіз танданасың. Біздің тарихымызбен, мәдениетімізбен, тұрмысымызбен, қанымызбен біте қайнасқан осы мұрамызды қалай дәріптесек те жарасымды. Ендеше ұлы даланы мекен еткен ұлы ұлттың өрбір баласы домбырасын ұлықтауға тиісті.

Нұр НАУАН

Ұлт мұрасы

Даламыздың үнісің сен, домбыра

Ұлықты ұлтымыздың тарих беттерін парақтасақ, Ұлы даланың ұрпақтары жан дүниенді босатып, еріксіз тербейтін әуендерді жанына серік қылып, әнмен емделіп, әуеннен ерекше шабыт алып, муза көгінде қалықтаған. Өнер туындысының бәрі есті әуенмен өміршең де, мәңгілік. Әсіресе қазақтың сан аспабының ішінде біздің ұлтқа жақыны ол – домбыра. Қоңыр әуен көңіл-күйдің пернесіндей, бірде күлдіреді, бірде күңірентеді, бірде жылатады, бірде жұбатады. Міне, өнер күдіреті, ән-әуен кереметі осында жатыр. Мұның бәрі – ортақ халықтың қазынасы, елдің асыл мұрасы. Осы орайда әуенін Кеңес Дүйсекеев жазған, ақын Шөмішбай Сариевтың «Домбыра» әнінің орны ерекше.

Күй ойнайды қазағымның қанында, Күй ойнайды қазағымның жанында. Жүрегінің, жүрегінің, жүрегінің дүрсілі – Күмбірлеген домбырасы барында.

Бабамыздың мұңысың сен, домбыра, Анамыздың сырысың сен, домбыра. Қазағымның жүрегінен жаралған, Даламыздың үнісің сен, домбыра!

Домбыра бұл үнсіз қалып көрмеген, Қуаныш та, қайғы-мұң да көрмеген. Үзіледі, үзіледі, үзіледі әуендер, Ғашықтардың көз жасындай нернеден. Домбыра – ең ежелгі аспаптардың бірі. Оның тарихы тереңде екенін кезінде Алматы облысында билеп жүрген адамдардың тасқа қашалып салынған суреті табылғанын естідік. Суреттер ниолит дәуіріне жатады дейді мамандар. Демек, домбыраның төрт мың жылдық тарихы бар деген сөз.

Бір қызығы, әлемнің екінші ұстазы саналатын Әбу Насыр Әл-Фараби домбыра аспабында ойнаған. Ол музыканы адам жанын тәрбиелеуге арналған құрал деп бағалаған. Тіпті Қазақстанда домбыра сабағы мектептерде міндетті пән ретінде оқытылады. Бұған дейін ЖОО мен арнайы мектептерде оқытылып келген дәстүрлі музыка енді жаппай оқытылуда. Жуырма 6-7 сыныптарға арналған оқулық дайындалды.

Домбыраның күдіретін бағаласақ, кезінде қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаев Парижде домбыра үнімен Еуропаны таңдай қақтырса, оның ізін белгілі жырау Алмас Алматов жалғап, Парижді таң қалдырған екінші адам атанды. Сондай-ақ, Қайрат Байбосынов, Ерлан Рысқали, Ұлжан Байбосынова, Димаш Құдайбергеге секілді өнерпаздар да алыс-жақын елдерге домбыра үнін естіріп, әлемді аузына қаратып жүр.

Домбыра Гиннестің рекордтар кітабына енген бірден-бір аспап. 2010 жылы Қытайдың Шыңжаң өңіріндегі Толы ауданының 10 мың домбырашысы бір сәтте қазақ халқының «Кеңес» күйін орындағанын ақпарат көздерінен көріп таң-тамаша болдық. Елімізде айтыс ақындары арасында 2012 жылдан бастап «Алтын домбыра» сайысы өткізіліп тұрады. Оның алғашқы жеңімпазы – Мұхтар Ниязовтай Жалағаштың тумасы екенін мақтанышпен ауыз толтырып айттамыз. Белгілі ақын 3 мәрте «Алтын домбыраны» Сыр топырағына өкеліп, мәртебеімізді көтеріп, мерейімізді асырғаны қасиетіңнен айналайын шанағынан күй саулап, ән төгілген домбыраның арқасы.

Домбыра туралы шыққан аңыздар да көп. Бабаларымыз өнерді «арғы әлеммен» сырласудың құралы ретінде ұғынғандықтан оны үнемі тылсыммен,



сиқырлықпен байланыстырып киелі сипатта ұғынған. Байырғы танымда өнерді өмірдің жалғасы, шексіз, мәңгілік, адамның қайта жаралуының құралы ретінде рәміздейтінін осы туралы аңыздардан білуге болады.

Ерте, ерте, ерте заманда, «ер етігімен су кешкен» келете, заманда, өлім деп егіліп, тоғыз тарау елдің тарихын жадында сақтаған қарт жырышы болыпты. Көрлік жеңіп, дәм таусылар сәт таянғанын сезінген ол, бүкіл ел-жұрттың, үрім-бұтағын жинап: «Уа, жарандар, қазір менің көкірегімде тоғыз тараудың шежіресі қаттаулы. Ел есінде қалар шаруаны өзіммен бірге жасасып, бірге қартайған осы бір ескі домбырамның көмегімен үлкен-кішіге паш етіп келдім. Көз жұмар шақта білгенімді кімге қалдырам деп жүз ойланым, мың толғағым, шешімін таппадым. Ендігісін өздерің біліңдер», – деген екен.

Жас-кәрісі, ерлі-зайыптысы, жарлы-жақбайы түгелдей жиналған жұрт өзара кеңесіп, тоғыз тарауды қарт жыраудың домбырасының шанағына кую керек деп шешкен екен. Сонда осынаша байлық оның қуыс мойнынан шығып

кетпесің, һәм тоғыз тараудың белгісі болсын деп бүкіл ел болып домбыраға тоғыз тосқаулы перне, ал қарт жыраудың құрметіне аспаптың бетіне екінші ішек таққан екен.

Осыдан барып оның шанағы кеңейіп, мойны ұзарып, шежірелі сыр шертетін халық мұрасы – алтын домбыра болып сол заманнан қалған екен.

2018 жылдан бері шілденің бірінші жексенбісінде елімізде «Ұлттық домбыра күні» мерекесі аталып өтіп келеді. Домбыра – қазақтың киесі, қасиетті қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғымдай. Қос шекті ұлттық аспабымыздың үнінен даланың иісі, жылқының шабысы, аққудың үні шығады.

Домбыраға халық рухының, ділінің, арман-шөрінің, сағынышы мен сырының нілі ебден жұғып, алтын аңыз боп сіңгенің, домбыра өткенді оралтып, өлгенді тірілтетін күдіретті аспап екенін жоғарыдағы мысалдардан анық байқауға болады. Олай болса, қазақ ұлтымен домбыра мәңгі бірге жасай бермек.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Сіз не дейсіз?

Құмар ойын оңай ақша табу жолы ма?

Бүгінде елімізде құмар ойындардың құрығына түскен азаматтар қатары артпаса кемейі жатыр. Қай қалаға, одан әрі қай аудан орталықтарына барсаң да букмекерлік кеңселердің тұр-түрлерін кездестіруге болады. Әрине бұл үлкен табыс әкелетін және қазіргі уақытта жоғары сұранысқа ие, тіпті заңдық негізі бар кәсіп болып тұр. Себебі бұл кеңселер жылына мемлекетке қыруар салық түсіріп отырады екен. Дегенмен оның әлеуметке тигізетін пайдасынан зиянының басым екенін қоғамда болып жатқан әртүрлі жайттардан байқауға болады.



Осыдан үш-төрт ай бұрын Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының тұрғыны букмекерлік кеңсені өртеп, істеген әрекетін видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге салып жіберген. Әлеуметтік желі қолданушыларын дүр сілкіндірген жайт құмар ойындардың құрығына түскен азаматтың жан-айқайынан туындаған әрекеті екен.

Ер адам құмар ойындарға бәс тіге бастағалы 20 млн теңге ұтылған. Бірінші кезде қызығушылықпен аз сомамен бастап, уақыт өте отбасының қаражатың, тіпті жақындарынаң, достарынан қарыз ақша алып, кеңсе қассасына салып отырған. Кей кездері өз-өзіне қол жұмсауға дейін барған видео авторы «құмар ойындарға әуестену – дерт» деп ағынан жарылыпты. «Жауапкершіліктен қашпаймын, ертең мен сияқты жастарымыз құмар ойындарға әуестеніп, өмірінің ойрандалғанын қаламаймын» деп көшірім де сұраған. Әрине бұл елімізде құмар ойынға қатысты құлақ естіп, көз көріп отырған бір ғана оқиға...

Осындай келеңсіз жайттарды көре тұра «Неге құмар ойындарға шектеу қоймасақ?» деген заңды сұрақ туындайтыны тағы да рас. Дегенмен құзырлы органдардың мәліметінше, соңғы жылдары бұл кәсіп түрі мемлекеттік бюджетке ондаған миллиард теңге салық түсіріпті. Тағы бір таңданатын жағдай, өткен жылдары пандемияға байланысты шектеулерге қарамастан, букмекерлер табысы еселеп өскен. Сандық форматқа өте жылдам бейімделген букмекерлік кеңселер тек кеңсе ретінде ғана емес, онлайн түрде де жұмыс жасауға қабілетті екенін көрсеткен секілді. Яғни қазір үйден шықпай-ақ смартфон арқылы букмекерлік орталықтар сайтына тіркеліп, кәдімгідей ақша тігіп, ойнай беруге болады екен. Сондай-ақ «Олимпбет», «1хбет» және «Париматч» секілді кеңселердің жарнамалары креативпен жасалғандығы соншалық, жарнаманы көрген кісіні өзіне дереу баурап алатын іспетті. «Сіздің аз уақыт ішінде қаржыңызды еселеп алуыңызға мүмкіндігіңіз бар» деген секілді алдамшы сөйлемдер ақшадан қиналып жүрген кісіні өзіне тартатыны тағы рас. Десек те осы мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдары, қоғам белсенділері көтеріп жүргенімен, зан жүзінде реттелмей жатыр.

Психологияда құмар ойындар құрығына түскен адамды «лудомания» деп атайды екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл құбылысты психикалық ауытқушылық ретінде ресми түрде мойындаған. Елімізде соңғы жылдары осындай халге түскен азаматтарды емдейтін, психологиялық көмек көрсететін психологтар қызметіне сұраныс артқан. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, мұндай тәуелділікті емдеуден гөрі алдын алған әлдеқайда оңай.

Қазіргі уақытта ауданымызда бірде-бір букмекерлік кеңсе кәсіп ретінде тіркелмеген. Әрине жоғарыда жазғандай, букмекерлік кеңселер сандық форматқа өткелі, кімнің құмар ойынмен әуестеніп жүргенін біле алмаймыз. Десе де қоғам дерті болған құмар ойыны аудан халқын айналып өтіп жатқаны қуантарлық жағдай.

Таразылап көрсек, букмекерлік кеңселердің мемлекетке әкелетін пайдасынан зиянының басым. Демек, «құмар ойындарға шектеу қояйық, кеңселерді жабайық» деп байбалам сала бергеннен, ең тиімдісі өзіміздің нәпсімізді бұғаттауға тырысқанымыз абзал.

Бейнеүдегі жағдайдан кейін Парламент сенатының депутаты Дана Нұржігіт ойын бизнесі туралы заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар шаралар ұсынды. Халық қалаулысының сөзінше, депутаттардың атына азаматтардан букмекерлік кеңселерді жарнамалауға қатысты заңнамалық шаралар қабылдау талабымен көптеген өтініштер түседі екен. Ол жарнама туралы қолданыстағы заңға сәйкес казино мен интернет-казино қызметтерін жарнамалауға тыйым салынғанымен букмекерлік кеңселердің қызметтерін жарнамалауға тікелей тыйым жоқ екеніне қапалы. Сондықтан мұндай компаниялардың жарнамалары интернетте агрессивті түрде алға жылжып жатқан көрінеді. Сенатор осы фактіні ескере отырып, қолданыстағы заңнамаға букмекерлік компаниялардың жарнамасына толық тыйым салу бойынша тиісті өзгерістер енгізу қажет деп есептейді.

Иә, елімізде құмар ойыншылардың саны 350 мыңнан асып жығылады. Мұны ресми дерек деп түсінгенімізбен үйде отырып, құмар ойын ойнайтындардың жоғарыда көрсетілген сандарда қамтылғанына тағы да күмәнмен қарайтынымыз өтірік емес. Ал бір ойыншының орташа қарызы 10 млн теңгеге дейін барады екен. Бұл мәселеге де назар аудармауға тағы болмайды.

Жандос ЖАЗКЕН

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық **"Жалағаш жаршысы"** газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сейсенбі, сенбі** күндері.

Таралымы – 3111 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептэгөндө:

• Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
• Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
• Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге;
Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68 үйі. Жарнама бөлімі: 8 (724-31) 31-5-75, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1084

Кешекші редактор: **Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министріігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.